

**"Завод модуль" ЖШС-і, Түркістан облысы Ордабасы ауданында
орналасқан «Ақбұлақ-2» кен орнында, сазды өндіру бойынша тау-кен
жұмыстарының жоспарына арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімі
бойынша қоғамдық тыңдаулар хаттамасы**

1. Жергілікті атқарушы органының атауы: Ордабасы ауданы әкімдігінің "Бадам ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ-і.
2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: Түркістан облысы Ордабасы ауданында орналасқан «Ақбұлақ-2» кен орнында, сазды өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі.
3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы: "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-і.
4. Белгіленіп отырған қызметтің орналасқан орны: Түркістан облысы Ордабасы ауданында орналасқан «Ақбұлақ-2» кен орны, географиялық координаттары: 42° 23' 51,19"N 69°20' 26,91"E.
5. Белгіленіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне ұшыраған барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам а.о., Бадам а., А.Шопақұлы, көш., 1А
6. Белгіленіп отырған бастамашының деректері және байланыс деректері: "Завод модуль" ЖШС-і, БСН 010540003261, тел. 87028328903, e-mail: zavodmodul@mail.ru.
7. Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: ЖК «Баймаханова Г.М.», Шымкент қ. Уәлиханов көш. 186А-14, ЖСН 861107402392, тел: +77057170026, e-mail: bgm-86@mail.ru.
8. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні - 27.09.2023 ж., уақыты-16:00, қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты - 16:10, тыңдау өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам а.о., Бадам а., А.Шопақұлы, көш., 1А.
9. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының сұрау салу хатының көшірмесі және әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы жауап хатының көшірмесі осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қосымшада қоса беріледі - **(Қосымша 1,2).**
10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі - **(Қосымша 3).**

11. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz>.

2) <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/details/214086?lang=ru>

3) бұқаралық ақпарат құралдары:

«Arys aqiqaty» Республикалық апталық газеті 19.08.2023ж.

ЖШС-і «Арыс толқындары» телерадиокомпаниясы эфирлік анықтамасы №219 21.08.2023 ж. (Қосымша 4).

4) Хабарландыру тақта: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам а.о., Бадам а., А.Шопақұлы, көш., 1А мекен-жайы бойынша хабарландыру ілінген. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.


12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері: Бір ауыздан қоғамдық тыңдаулар төрағасы ретінде– Бадам ауыл округі әкімі Оразалиев Б. және хатшысы ретінде Сыдыкова Н. сайланды. Регламент бірауыздан бекітілді және хатшыны таңдау туралы дауыс бергендер саны: "жақтап" - 12 адам, "Қарсы"- 0, "Қалыс қалғандар"-жоқ.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер 5-ші қосымшада тіркелген.

14. Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және оны өткізу кезінде, ескертулер мен ұсыныстар болған жоқ.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы Сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары: болған жоқ.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағым жасалуы мүмкін.

17. Қоғамдық тыңдаулар төрағасы: Байбахов Н.П., Бадам ауылдық округі әкімі  27.09.2023ж.

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: Сыдыкова Н.А., "Завод модуль" ЖШС-і өкілі  27.09.2023ж.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

Т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1	<p>Мұсабаев С., Ақбұлақ ауыл тұрғыны: Баяндамада атап өткеніңіздей, ластаушы заттар шығаратын кен орынның елді мекенге жақын орналасуы қаншалықты дұрыс?</p>	<p>Сыдыкова Н.А., "Завод модуль" ЖШС-і өкілі: Кен орынның ең жақын тұрғын үйлерге дейінгі арақашықтығы 400 метр болып белгіленген, осы арақашықтықта біз Қазақстан Республикасында бекітілген арнайы методикалар арқылы есептемелер жүргіземіз, біздің есептеулер бойынша ең жақын орналасқан тұрғын үйлерге дейін ластаушы заттардың сейілу есебі, белгіленген көрсеткіштен аспайды. Санитариялық қағидаларға сәйкес карьерлер, қиыршық тас, құм, саз өндіру кәсіпорындары үшін санитарлық қорғау аймағы 100 метр болып белгіленген, яғни осы арақашықтықта тұрғын үйлер болмауы қажет.</p>	Алынды
2	<p>Құдияров Р., Қарабастау ауыл тұрғыны және ауыл биі: 1. Жергілікті Ақбұлақ ауылының тұрғынадарына кірпіш зауытының және кен орынның қажеті жоқ, бұл өндірістік орындардың жұмыс жасауына рұқсат бермейміз, қарсымыз! 2. Сіздің қағаз жүзінде атап өткен сазды өндіру жылдық өнімділігі шын мәнінде көрсеткіштеріңізден жоғары болады, Бадам ауылы бойынша 17 қыш зауыты бар, осы зауыттардан шыққан шаң-тозаңды қадағалап отыратын тиісті мекемелер бар ма? Зауыттардан келген шаң-тозаң ауыл тұрғындарының денсаулығына кері әсерін беріп жатыр, 1,5 жыл көлемінде оларға фильтр қондырғысын орнату керектігін айтып келеміз, бірақ орнатқан ешкім жоқ.</p>	<p>Сыдыкова Н.А., "Завод модуль" ЖШС-і өкілі: 1. Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 25-тармағына сәйкес қоғамдастық мүшелері мен жұртшылықтың нақты тұжырымдалмаған және ескертулер мен ұсыныстардың мәнін білдірмейтін және де қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертпелері мен ұсыныстары ескерілмейді. Яғни, бүгінгі қоғамдық тыңдау «Ақбұлақ-2» кен орнында, сазды өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша болатын, жоғарыда атап өткен кірпіш зауытының тақырыпқа қатысы жоқ! 2. Тау-кен жоспары бойынша өндірілетін саздың көлемі жылына 20 мың м³-тан болады, бұл көрсеткіш кен өндіру кестесі бойынша бекітіліп сол көлемде өндірілетін болады!</p>	Алынды

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 23441651001, Дата: 16/08/2023

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: (Участок «Амбулак-2» находится в 400 м севернее с. Амбулак, в 4,5 км восточнее с. Бадам, в 16 км северо-западнее г.Шымкент)

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Туркестанская область, Ордабасынский район, Бадамский с.о., с.Бадам

Предмет общественных слушаний: Раздел «ООС» на план горных работ по добыче суглинков на месторождении «Амбулак-2», расположенного в Ордабасынском районе Туркестанской области

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Туркестанская область, Ордабасынский район, Бадамский с.о., с.Бадам, ул.А.Шопакулы, дом 1А, 25/09/2023 10:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (45 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Арыс аяқаты; ТОО Арыс толғаандыры ART TV

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Туркестанская область, Ордабасынский район, Бадамский с.о., с.Бадам, ул.А.Шопакулы, дом 1А

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

"ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "ЗАВОД МОДУЛЬ"" (БИН: 010540003261), 8-702-832-8903, zavodmodul@mail.ru, <https://ecoportal.kz>

Составитель отчета о возможных воздействиях: ИП Баймаханова Г.

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний)

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов
административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных
слушаний**

исходящий номер: 23441651001, Дата: 16/08/2023

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №23441651001, от 16/08/2023 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Раздел «ООС» на план горных работ по добыче сульфидов на месторождении «Амбулак-2», расположенного в Ордабасынском районе Туркестанской области, в предлагаемую Вами 25.09/2023 10:00, Туркестанская область, Ордабасынский район, Баламжский с.о., с.Балам, ул.А.Шопавулы, дом 1А(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1, 2.»

"ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ ""ЗАВОД МОДУЛЬ"" (БИН: 010540003261), 8-702-832-8903, zavodmodul@mail.ru, <https://ecportal.kz>

Составитель отчета о возможных воздействиях ИП Баймаханова Г.

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қосымша 3
Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы
27 қыркүйек 2023 жыл

Реттік №	Аты-жөні	қызметі
1	Байбахов Н.П.	Бадам ауыл округі әкімі
2	Джумабекова А.К.	"Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-нің Экологиялық реттеу бөлімі басшысы
3	Мықтыбаев Н.	"Завод модуль" ЖШС –і директоры
4	Сыдыкова Н.	"Завод модуль" ЖШС –і өкілі
5	Қаныбеков Б.	Ақбұлақ ауыл тұрғыны
6	Құдияров Р.	Қарабастау ауыл тұрғыны (ауыл биі)
7	Қожаналиев А.	Ақбұлақ ауыл тұрғыны
8	Қожаналиев И.	Ақбұлақ ауыл тұрғыны
9	Ақшауов С.	Ақбұлақ ауыл тұрғыны
10	Мұсабаев С.	Ақбұлақ ауыл тұрғыны
11	Мұсабаев А.	Ақбұлақ ауыл тұрғыны
12	Мұсабаев А.	Ақбұлақ ауыл тұрғыны

21.08.2023г. 10:35

ҚАЗАҚСТАН  РЕСПУБЛИКАСЫ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ОРДАБАСЫ АУДАНЫ
“БАДАМ АУЫЛ ОКРУГІ ӘКІМІ
АППАРАТЫ”
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Түркістан облысы
Ордабасы ауданы
тілдерді дамыту, ден
және спорт

БАДА
ауылдық кіта





Анықтама

Төменде көрсетілген қазақ және орыс тіліндегі хабарландыру «Арыс толқындары» ЖШС телеарнасының «жүгіртпе жол» айдарынан көрсетілді.
Анықтама тиісті орынға берілді.

Хабарландыру

"Завод модуль" ЖШС-і 25.09.2023 ж. сағат 10:00-де Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам а.о., Бадам а., А.Шопақұлы, 1А мекенжайында, Түркістан облысы Ордабасы ауданында орналасқан «Ақбулақ-2» кен орнында, сазды өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған ҚОҚ бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. тел. 87028328903.

Объявление

ТОО "Завод модуль" 25.09.2023 г., в 10:00, по адресу: Туркестанская область, Ордабасынский район, Бадамский с.о., с.Бадам, ул.А.Шопакулы, дом 1А, проводит общественные слушания по разделу ООС на план горных работ по добыче суглинков на месторождении «Акбулак-2», расположенного в Ордабасынском районе Туркестанской области, тел: 87028328903.

«Арыс толқындары» ЖШС директор



M. Tulebekov
М.Тулебеков

**Хаттамаға 5-ші қосымша
баяндамалар**

Бадам ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы- Н.Байназаров:

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні- 25.09.2023 ж., уақыты-10:00, белгіленген болатын, алайда Бадам ауылдық округі әкімі Байбахов Н.П. мырзаның жиналысқа қатыса алмауының және мүдделі жұртшылықтың тыңдауға толық жиналмауының себебімен, қоғамдық тыңдау өткізу күні **27.09.2023 ж. сағат 16-00** жоспарланды.

25.09.2023 ж., сағат 10:00 жиналған мүдделі жұртшылық саны- **8 адам.**

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні- **27.09.2023 ж.**, уақыты-**16:00**, қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты -**16:10**, тыңдау өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам а.о., Бадам а., А.Шопақұлы, көш., 1А.

Қоғамдық тыңдауды Бадам ауыл округі әкімі– **Байбахов Н.П.** ашты.

Бір ауыздан қоғамдық тыңдаулар төрағасы – **Байбахов Н.П.** және хатшысы ретінде **Сыдыкова Н.** сайланды.

Сыдыкова Нуржамал - "Завод модуль" ЖШС-і өкілі

Сәлеметсіздерме, мен Сыдыкова Нуржамал - "Завод модуль" ЖШС-і өкілі, Сіздерге қоршаған ортаны қорғау бөлімін қысқаша баяндап өтетін боламын!

Ақбұлақ -2 кен орны Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Ақбұлақ ауылының солтүстігінен 400 метр арақашықтықта орналасқан. Кен орынның жалпы алаңы – 13,5 га құрайды.

Атмосфералық ауаға әсері. Пайдалы қазбаны өндіру бұрғылау және жару жұмыстарынсыз ашық механикаландырылған әдіспен жүргізілетін болады. Сазды өндіріп алу тереңдігі 7,5 м. Кен орнында сазды өндіру кезінде негізгі ластау көздері олар: аршу жұмыстары, үстеме жүкті көліктерге тиеу, үйіндіге тиеу, бульдозермен төгу, үйінділерді жоспарлау және қалыптастыру, үйінділерді сақтау, пайдалы қазбаларды тасымалдау. Негізгі пайдаланылатын техникалар: бульдозер, экскаватор, автосамосвал. Игеру жылдары бойынша өндірілген пайдалы қазбалардың көлемі, кен өндіру кестесіне сәйкес 2022 - 2031 жылдарға – 20 мың м³, аршу жұмыстары бойынша 2022 - 2031 жылдарға – 2,16 мың м³. Ластаушы заттардың жылдық көлемі -1.5754 тоннаны құрайды.

Су қабатына әсері. Ауыз су және техникалық су тасымалдау әдісімен жеткізілетін болады. Сарқынды суларға арнай бетондалған шұңқыр қарастырылған. Жер асты сулары 5-14,3 метр тереңдікте кездеспеген. Ең жақын су объектілері: карьердің солтүстік жағынан 2 км қашықтықта орналасқан Боржар өзені болып табылады. Арыс өзені карьердің оңтүстік жағынан 5 км-ден астам қашықтықта ағып жатыр. Кен орын су қорғау белдеуі мен аймағынан тыс жерде орналасқан. Сондықтан, аталған өндірістік жұмыстарының су қабатына кері әсері байқалмайды.

Қалдықтар. Кен орнында қауіпті және қауіпсіз қалдықтар түзіледі. Қалдықтар құрамына қарай сұрыпталып арнайы алаңшаларда орналасқан контейнерлерде сақталынып, толу мерзіміне қарай келісім шарт арқылы шығарылады. Аршу жұмыстары кезінде түзілетін топырақ үйінділері, кен орынның жұмыстары аяқталған соң рекультивациялауға пайдалынылатын болады.

Физикалық әсері. Карьер техникаларының жұмыс жасауы барысында белгілі нормада физикалық шу, вибрация бөлінеді. Адам өміріне кері әсері байқалмайды өйткені ең жақын тұрғын үйлер 400 метр арақашықтықта орналасқан. Осылайша, физикалық факторлардың қоршаған ортаға әсері "әсердің төмен мәні" деп бағаланады.

Әлеуметтік-экономикалық ортаға оң әсері. Жаңа жұмыс көздері ашылады, жұмыс күші жергілікті тұрғындардан жұмылдырылатын болады. Жер қойнауын және суды пайдаланғаны үшін салық төлемдерін, табиғатты қорғау қорына төлемдерді жергілікті бюджетке төлеумен байланысты болады. Кәсіпорынға салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салық; көлік құралдарына салық; жер салығы және т.б. аумақтардың жергілікті бюджетіне кәсіпорын төлейді.

Жоспарланған кен орнында кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жұмыстарын жүргізу барысында атмосфералық ауаға, жер үсті, жер асты суларына сондай-ақ құнарлы топырақ қабатына әсері "әсердің төмен мәні" деп бағаланады.

Байбахов Н.П. Бадам ауылдық округі әкімі:

Қорытынды. Дауысқа салайық, осы қоғамдық тыңдауда кен орынның салынуына қарсы адамдар бар ма? "қарсымын" – 8 адам, "қалыс қаламын" - 0. Бір ауыздан қарсы екенін көрдіңіздер, осымен жиналысымызды аяқтаймыз!